

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ


ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Д.Б. Досманбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі

(№ 1 сәтәма 2023 » 08 2023 жыл)



ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН НӘТИЖЕЛЕРІ  
АПЕЛЛЯЦИЯСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

Қызылорда, 2023 жыл

1. Білім алушы пән бойынша қорытынды бақылау нәтижесімен (емтихан бағасымен) келіспеген жағдайда Платонус жүйесіндегі электрондық тізімдемеге емтихан нәтижесі енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде дәлелді жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

2. Емтиханда алған бағасы білім алушының көрсеткен оқу нәтижесінің объективті деңгейіне сәйкес келмесе апелляцияға өтініш қабылданады:

- емтихан сұрақтарының қисынсыз тұжырымдалғанына байланысты;
- емтихан сұрақтары мазмұны бойынша пәннің оқу жоспарына сәйкес келмеуіне байланысты;
- емтихан комиссиясы мүшелерінің біліктілік деңгейінің сәйкес келмеуіне байланысты білім алушының жауабы дұрыс бағаланбаса;
- тестілеу кезінде дұрыс жауаптың мәтініндегі грамматикалық қателіктерге байланысты;
- тестілеу кезінде техникалық ақаулар (интернет жүйесі, электр желісі, т.б.) орын алған жағдайда.

Апелляцияланатын баға және шағымдану себебі білім алушының өтінішінде көрсетілуі керек.

3. Апелляцияға өтінішті жоғары мектеп деканы қабылдайды.

4. Апелляцияға кез-келген түрде жүргізілген емтихандардың нәтижелері жатқызылады.

Білім алушының жауаптары тіркелген өтініші апелляцияға негіз болып табылады.

5. Шағымдарды қарау кезінде апелляциялық комиссияның мүшелері емтиханды тапсыру нәтижелерін бағалау туралы апелляциялық өтініштер бойынша нақты дәлелді жазбаша қорытынды жасайды және белгіленген үлгіде хаттама толтырады.

6. Апелляциялық комиссияның білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға құқығы жоқ және орындалған емтихан жұмысына түзетулер енгізе алмайды.

7. Апелляциялық комиссия шағымды қанағаттандыруға және емтихан бағасына балдар қосуға немесе шағымды қанағаттандырмай бағаны өзгертусіз қалдыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Алдыңғы қойылған емтихан бағасын төмендетуге жол берілмейді.

9. Апелляция апелляциялық өтініш берген білім алушының міндетті түрде қатысуымен (қашықтықтан білім алушылар үшін) жүзеге асырылады. Апелляциялық комиссия апелляциялық өтініш берген білім алушыға апелляцияны қарастыру нәтижелері бойынша қабылдаған шешімді дәлелді түрде түсіндіруі керек. Түсіндіру барысы бейнеконференция арқылы жүзеге асырылған жағдайда міндетті түрде жазылады. Бейнеконференцияның жазбасын тіркеу офисі апелляциялық комиссиясының төрағасының қатысуымен ұйымдастырады және қамтамасыз етеді. Бейнежазба 6 ай бойы сақталады. Апелляциялық комиссия жұмысы бейнежазбасының сақталуын Тіркеу офисі қамтамасыз етеді.

10. Апелляциялық шағым емтихан өткен күннен кейін қарастырылып, 24 сағат ішінде апелляциялық хаттама толтырылады және Академиялық

мәселелер жөніндегі басқармаға келісілуге жіберіледі.

11. Келісілгеннен кейін Жоғары мектепте апелляциялық балдардың жиынтық тізімдемесі жасалып, академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректормен бекітіледі және Платонус жүйесіндегі электронды тізімдемеге балдарды енгізу үшін Тіркеуші офисіне тапсырылады.